

**Р.Е. Агыбетова\***, PhD, доцент<sup>1</sup>

**Б.А. Жұматаева**, PhD, профессор<sup>2</sup>

**Г.И. Ешенқұлова**, э.э.к., профессор<sup>3</sup>

**А.Б. Кульмағанбетова**, магистрант<sup>1</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті<sup>1</sup>

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық

сауда университеті<sup>2</sup>

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Астана IT университеті<sup>3</sup>

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: agybetova@mail.ru

### COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ

Мақалада 2019 жылдың аяғында анықталып, 2020 жылы әлемдік деңгейде тараған COVID-19 коронавирусы пандемиясының әлемдік экономикаға тигізген әсері, оның ішінде туризм саласындағы шағын кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен даму болашағы қарастырылған. Вирустық пандемия азаматтардың денсаулығына ғана емес, сонымен қатар экономиканың барлық қызмет салаларына, соның ішінде туристік қызметке де әсер етті. Авторлар кәсіпкерлікке, сондай-ақ туризм саласындағы кәсіпкерлікке байланысты ғалымдардың ғылыми еңбектері мен заңнамалық құжаттарын қарастырды. «Кәсіпкер», «кәсіпкерлік» ұғымдарының шығу тарихы мен қазіргі таңда қолданылатын түсініктемесі анықталды. Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары мен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыс істеу шарттары көрсетілді. Халықаралық туризм мен Қазақстандағы туризм саласындағы шағын кәсіпкерліктің қазіргі жағдайына талдау жасалынды. Қазақстан Республикасындағы тіркелген және белсенді шағын орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің саны мен туризм саласында тіркелген заңды тұлғалар санының көрсеткіштері анықталды. Қазақстан және көршілес мемлекеттердегі келушілер саны мен туризмнің ЖІӨ-ге қосқан үлесінің салыстырмалы талдауы, сондай-ақ COVID-19 коронавирусы пандемиясының туризмге әсері және күтілетін қалпына келу мерзімі бойынша талдау жүргізілді. Осылайша, туризмдегі кәсіпкерлікті дамытудың және бұл саланы мемлекеттік қолдаудың маңыздылығы анықталды.

**Кілт сөздер:** туризм, туристік қызмет, кәсіпкер, кәсіпкерлік қызмет, шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК), шағын кәсіпкерлік субъектілері, мемлекеттік қолдау, COVID-19 пандемиясы, экономика, халықаралық туризм.

**Ключевые слова:** туризм, туристская деятельность, предприниматель, предпринимательская деятельность, малое и среднее предпринимательство (МСП), субъекты малого предпринимательства, государственная поддержка, пандемия COVID-19, экономика, международный туризм.

**Keywords:** tourism, tourism activity, entrepreneur, entrepreneurial activity, small and medium-sized enterprises (SMEs), small business entities, state support, COVID-19 pandemic, economy, international tourism.

**Кіріспе.** Кәсіпкерлік қызметті ынталандыру мен дамыту қазіргі кезеңдегі ең көп талқыланатын мәселелердің бірі болып табылады. Бұл кәсіпкерлік пен кәсіпкердің әлемдік деңгейде және Қазақстандағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа да қызмет түрлеріндегі маңыздылығы артып келе жатқандығына байланысты.

Зерттеудің мақсаты туризм саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қазіргі жағдайына талдау жасап, COVID-19 коронавирусы пандемиясының туризмге тигізген әсері мен даму бағыттарын анықтау болып табылады.

Ежелгі Рим кезеңінде «кәсіпкерлік» кәсіп, бизнес, қызмет ретінде қарастырылды, ал «кәсіпкер» қоғамдық құрылысты жүргізетін адам болды. XII ғасырдың аяғына дейін «кәсіпкер» ұғымы өнертапқыш, құрылысшы, менеджер, жұмыс беруші сияқты қызметтермен байланыстырылды. XVI және XVII ғасырларда кәсіпкерлер бекіністер салу, әскери тапсырыстар саласында мемлекеттік тәртіпті орнатумен айналысқан. Экономикалық әдебиеттерде алғаш рет "кәсіпкер" термині 1723 жылы Парижде жарияланған жалпы коммерциялық сөздікте

пайда болды [1]. Мұнда, кәсіпкер объектіні өндіруге немесе салуға міндеттеме алған адам деп көрсетілген. Қазіргі уақытта «кәсіпкерлік» ұғымының көптеген түсіндірмелері бар. Яғни, зерттеушілер түрлі уақыт мерзімінде кәсіпкерліктің әртүрлі аспектілеріне назар аударған. Бұл кәсіпкерлік мәселелері әртүрлі ғылымдар аясында белсенді талқыланатындығының белгісі.

**Зерттеу әдістері.** Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізін туризм және кәсіпкерлікке байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде жүйелілік, статистикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

**Әдебиеттік шолу.** Қазақстан Республикасында туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің жұмысын реттеу Туристік қызмет туралы Заңы мен Кәсіпкерлік кодексінің негізінде жүзеге асады. Кәсіпкерлікпен айналысу әрбір азаматтың еркі, әрі заңда тыйым салынбаған. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 2-тарауында кәсіпкерлік субъектілері және олардың жұмыс істеу шарттары анықталған. Осы кодекстің 24-бабының 1-тармағына сәйкес, жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады: шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері [2].

Қызметкерлерінің жылдық орташа саны 100 адамнан аспаса, ал орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 300 мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, бұл кәсіпкерлік субъектісі шағын кәсіпкерлікке жатқызылады [3]. Егер жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 15 адамнан аспайтын немесе жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 30 мың еселенген мөлшерінен аспайтын субъект микрокәсіпкерлік субъектісі деп есептеледі. Тиісінше қызметкерлерінің жылдық орташа саны 250 адамнан

асатын және жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 3 миллион еселенген мөлшерінен асатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар – ірі кәсіпкерлік субъектілері. Кәсіпкерлік кодексінде жоғарыдағы сипаттамаларға сәйкес келмейтін, яғни қызметкерлер саны мен орташа кірісі шағын кәсіпкерлік субъектісінен көп, бірақ ірі кәсіпкерліктің көрсеткішінен төмен болса, оны орта кәсіпкерлікке жатқызған.

**Негізгі бөлім.** Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің ақпаратына сүйенсек, тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2015 жылдан 2019 жылға дейінгі аралықта 7,6%-ға өскен. Ал белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 6,6%-ға өсіп, оң динамикалық көрсеткішті берді. 2019 жылы тіркелген ШОК субъектілерінің саны – 1 603 839 бірлікті құрады, ол оның ішінде белсенді, яғни жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны – 1 330 244 бірлік болды. 273 595 бірлік шағын және орта кәсіпорындары белсенді емес, ол тіркелген барлық ШОК субъектілері санының 17%-ын құрап отыр [4].

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы «Туристік қызмет туралы Заңына» сәйкес, туристік қызмет деп жеке немесе заңды тұлғалардың туристік қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметі болып табылады [5]. Туристік кәсіпкерлік қызмет түрлерінің үлкен бөлігін туристік операторлық қызмет пен туристік агенттіктің қызметтері кіреді. Ұлттық шоттар статистикасы ұсынған туризмнің негізгі даму көрсеткіштеріне сүйенсек, туризм саласында тіркелген заңды тұлғалар саны 2018 жылы – 48 750 бірлікті құрады. Ол соңғы бес жылдың ішінде, яғни 2014 жылдан бері 36,8%-ға өсті. Туризм саласында жұмыспен қамтылғандардың саны 2014 жылы – 412,8 мың адам болса, 2018 жылы – 463,7 мың адамды көрсетті. Оң динамикалық көрсеткіш – 50,9 мың адамды құрады. Туризмдегі жұмыспен қамтылғандардың жалпы жұмыспен қамтылғандардағы үлесі 2014 жылы – 4,9%, ал 2018 жылы – 5,3% болды.



1-сурет. Қазақстандағы туризм саласында тіркелген заңды тұлғалар санының 2014-2018 жылдар аралығындағы көрсеткіштері, бірлік [6]

Туризм индустриясы өзінің орнын отандық және халықаралық нарықта нығайтып жатыр. Бұл елдің және аймақтардың дамуына әсер етіп, тұтастай алғанда экономиканың құрылымына әсер етеді. Туризм жергілікті инфрақұрылымды

дамытуға, қосымша жұмыс орындарын құруға әсер етеді және қызмет көрсету салаларын ынталандырады. Демек, туризмнің ел экономикасына тікелей де, жанама да әсері туралы айтуға болады.



2-сурет. Қазақстан және көршілес мемлекеттердегі 2018 жылдағы келушілер санының салыстырмалы көрсеткіштері, адам [7]

Туризмнің ұлттық экономикада алатын орны ерекше. Қазақстанға келушілер саны жылдан-жылға өсуде. Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2018 жылы елімізге келушілер саны – 8 789 000 адам болды. Соңғы бес жылда 27,9%-ға өсті. Қазақстан мен көршілес мемлекеттердегі келушілер санын салыстыратын болсақ, 2018 жылы Ресейге – 24 551 мың адам, Өзбекстанға – 5 346 мың адам, Грузияға – 4 757 мың адам, Әзірбайжанға – 2 633 мың адам, Моңғолияға – 529 мың адам және Қырғызстанға – 423 мың адам сапар жасаған.

Қазақстанда туризмнің ЖІӨ-ге қосқан жалпы үлесі 2014 жылы – 4,9% болса, 2018 жылы – 5,7%, ал 2020 жылы – 5,5% көрсетті. Қазақстан мен көршілес мемлекеттердегі көрсеткіштерді қарастыратын болсақ, 2018 жылы

туризмнің ЖІӨ-ге қосқан жалпы үлесі Ресейде – 4,8%, Өзбекстанда – 3,4%, Грузияда – 33,7%, Әзірбайжанда – 13%, Моңғолияда – 11,8% және Қырғызстанда – 3,9% болды.


Салыстырмалы көрсеткіштерде (2-сурет, 3-сурет) көріп отырғанымыздай, Қазақстан келушілер саны бойынша Ресейден кейін 2-орында болғанымен, туризмнің ЖІӨ-ге қосқан жалпы үлесі бойынша Грузия, Әзірбайжан, Моңғолия мемлекеттерінен кейінгі 4-орында орналасты. Грузия келушілер саны бойынша 4-орында орналасқанымен, туризмнің ЖІӨ-ге қосқан жалпы үлесі бойынша 1-орында, ал дүние жүзі бойынша 18-орынды алып отыр.

Дүниежүзілік рейтингте Қазақстан келушілер саны бойынша 161 мемлекеттің ішінде 45-орынды, ал туризмнің ЖІӨ-ге қосқан жалпы

## Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

үлесі бойынша 144-орынды алып отыр. Бұл келуші туристердің сапар мақсаты және елде болу ұзақтығы сияқты факторларға тығыз бай-

ланысты. Сондай-ақ, туристерді тіркеу бойынша барлық мемлекетте біркелкі ресми әдістің қолданылмауы себебінен болып отыр.




**3-сурет. Қазақстан және көршілес мемлекеттердегі 2018 жылдағы туризмнің ЖІӨ-ге қосқан үлесінің салыстырмалы көрсеткіштері, % [8]**

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық мақсаты – 2025 жылы ЖІӨ құрылымындағы туризмнің үлесін 8%-ға жеткізу. Соған орай, 2019-2025 жылдары бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджетте қарастырылған жалпы шығындар 1 385 695,8 млн теңгені құрайды [8].

COVID-19 пандемиясы 2020 жылы әлемдік туризмге үлкен әсер етті және Қазақстан да шетте қалмады. Дүниежүзілік Туризм Ұйымының (UNWTO) соңғы мәліметтері бойынша халықаралық келушілердің саны 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 1 млрд (74%) төмендегенін

көрсетті. Аймақтар бойынша келесі көрсеткіштер анықталды: халықаралық сапарлар саны Азия және Тынық мұхит аймағында – 84%-ға, Африка мен Таяу Шығыста – әрқайсысы 75%-ға, Еуропада – 70%-ға және Америкада – 69%-ға төмендеген. Экспорттан түскен табыстың төмендеуі 1,3 трлн АҚШ долларын құрады. Ол 2009 жылғы жаһандық экономикалық дағдарыс кезінде тіркелген шығындардан 11 есе жоғары. Яғни, COVID-19 пандемиясы 100-ден 120 миллионға дейін туристік жұмыс кәсіпорындарына қауіп төндірді. Олардың көпшілігі шағын және орта кәсіпкерлік өкілдері болып табылады.




**4-сурет. 2020 жылғы аймақ бойынша халықаралық сапарлар саны өзгерісінің салыстырмалы көрсеткіштері, % [9]**

2021 жылы туристік салада экономиканы қалпына келтірудің даму болашағы қазіргі таңда өте өзекті мәселелер қатарында тұр. UNWTO

өзінің туристік сарапшылар тобының арасында COVID-19-ның туризмге әсері және күтілетін қалпына келтіру уақыты туралы ғаламдық са-

уалнама жүргізді. Сауалнамада халықаралық туризмнің 2019 жылғы пандемияға дейінгі қалпына келу уақытын анықтау бойынша болжамдар жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша, сарапшылар тобы халықаралық туризмнің пан-

демияға дейінгі жағдайына келу мерзімі ретінде 2021 жылы – 1%, 2022 жылы – 15%, 2023 жылы – 43% және 2024 жылы немесе одан кейінірек мерзімде деп – 41% деген болжам жасады.



**5-сурет. UNWTO туристік сарапшылар тобының арасында COVID-19-ның туризмге әсері және күтілетін қалпына келтіру уақыты туралы ғаламдық сауалнама, % [9]**

Қазақстандағы туризм жағдайы бойынша «Kazakh Tourism ҰК» АҚ болжамдарына сәйкес, ішкі туристер ағынының қалпына келуі туралы 2021 жылдың жаз айларынан бастап қана айтуға болады [10]. Ал сыртқы туризмнің оңалуына 2-4 жыл керек деген қорытынды жасалынды.

Қорытынды. Жыл сайын әлемдік экономика саласында көптеген өзгерістер орын алады. 2014-2015 жылдардан бастап экономика саласындағы сарапшылар жаһандық циклдік экономикалық дағдарыстың басталуын болжады. Алайда, әлемдегі экономикалық дағдарыстың өсуіне COVID-19 пандемиясының таралуы әсер етті. Карантин туризмдегі шағын және орта кәсіпорындардың өз ісін жабу, не жаңа

жағдайларға бейімделуге итермеледі. Бүгінде пандемиядан кейін жаһандық экономикалық кеңістік бұрынғыдай болмайтыны баршаға мәлім. Әлемдік және еліміздегі экономика да бұрын-соңды мұндай жағдайларға тап болған жоқ. Қазіргі таңда, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне пандемиядан кейінгі уақытта қолдау көрсету өте маңызды. Сондықтан, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында COVID-19 кейінгі кезеңде ынталандырудың жаңа шаралары әзірленуде. Қазақстандық туризмді дамытуға 2025 жылға дейін 163,7 млрд теңге бөлінеді деп алдын-ала мақұлданды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асаул А.Н., Войнаренко М.П., Ерофеев П.Ю. Организация предпринимательской деятельности: Учебник. – СПб.: Гуманистика, 2004. – 448 с.
2. Предпринимательский Кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>.
3. Официальный веб-сайт Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен». <https://atameken.kz/kk/articles/28561-biznes-sub-ektler-arasyn-day-ajyrmashyly>.
4. Статистика национальных счетов: субсчет туризма. <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/8>.
5. Закон Республики Казахстан от 13 июня 2001 года №211-II. О туристской деятельности. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211>.
6. Статистика национальных счетов: субсчет туризма. <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/8>.
7. Мировой атлас данных: мировая и региональная статистика, национальные данные, карты и рейтинги. <https://knoema.ru/atlas>.

8. Постановление Правительства РК от 31 мая 2019 года № 360. Об утверждении государственной программы развития туристской отрасли РК на 2019-2025 годы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>.

9. Отчет туристической организации UNWTO за 2020 год. <https://www.unwto.org/news/2020-worst-year-in-tourism-history-with-1-billion-fewer-international-arrivals>.

10. Данные по внутреннему притоку туристов АО НК «Kazakh Tourism». <https://academy.tourisonline.kz/module-one/>.

#### REFERENCES

1. Asaul A.N., Vojnarenko M.P., Erofeev P.Ju. Organizacija predprinimatel'skoj dejatel'nosti: Uchebnik. – SPb.: Gumanistika, 2004. – 448 s. [in Russian].

2. Predprinimatel'skij Kodeks Respubliki Kazaxstan ot 29 oktyabrya 2015 goda № 375-V ZRK. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> [in Russian].

3. Oficial'nyj veb-sajt Nacional'noj palaty predprinimatelej Respubliki Kazaxstan «Atameken». <https://atameken.kz/kk/articles/28561-biznes-sub-ektler-arasyn-day-ajymashyly> [in Russian].

4. Statistika nacional'nyx schetov: subschet turizma. <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/8>. [in Russian].

5. Zakon Respubliki Kazaxstan ot 13 iyunya 2001 goda №211-II. O turistskoj deyatel'nosti. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/ZO10000211> [in Russian].

6. Statistika nacional'nyx schetov: subschet turizma. <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/8>. [in Russian].

7. Mirovoj atlas dannyx: mirovaya i regional'naya statistika, nacional'nye dannye, karty i rejtingi. <https://knoema.ru/atlas> [in Russian].

8. Postanovlenie Pravitel'stva RK ot 31 maya 2019 goda № 360. Ob utverzhdenii gosudarstvennoj programmy razvitiya turistskoj otrasli RK na 2019-2025 gody. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>. [in Russian].

9. Otchet turisticheskoy organizacii UNWTO za 2020 god. <https://www.unwto.org/news/2020-worst-year-in-tourism-history-with-1-billion-fewer-international-arrivals> [in Russian].

10. Dannye po vnutrennemu pritoku turistov AONK «Kazakh Tourism». <https://academy.tourisonline.kz/module-one/> [in Russian].

**Р.Е. Агыбетова, Б.А. Жуматаева, Г.И. Ешенкулова, А.Б. Кульмаганбетова**

#### **ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ COVID-19 НА СОСТОЯНИЕ МАЛОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ ТУРИЗМА**

#### **Аннотация**

В статье авторы рассмотрели влияние пандемии коронавируса COVID-19 на мировую экономику. В частности, было уделено внимание текущему состоянию и перспективам развития малого предпринимательства в сфере туризма. Вирусная пандемия затронула не только здоровье граждан, но и все сферы деятельности экономики, включая туристическую деятельность. Авторы рассмотрели законодательные документы и научные труды ученых, связанные с предпринимательством, а также предпринимательством в сфере туризма. Определены истоки и понятия «предприниматель», «предпринимательство». Указаны категории субъектов предпринимательства и условия функционирования субъектов малого предпринимательства. Проведен анализ современного состояния международного туризма и малого предпринимательства в сфере туризма в Казахстане. Определены показатели количества зарегистрированных и активных субъектов малого среднего предпринимательства (МСП) в Республике Казахстан и количества зарегистрированных юридических лиц в сфере туризма. Проведен сравнительный анализ количества посетителей и вклада туризма в ВВП Казахстана и соседних государств, а также анализ влияния пандемии коронавируса COVID-19 на туризм и ожидаемые сроки восстановления. Таким образом, определена важность развития предпринимательства в туризме и государственной поддержки в этой сфере.

**THE IMPACT OF THE COVID-19 PANDEMIC ON THE STATE  
OF SMALL BUSINESS IN THE TOURISM SECTOR**

**Annotation**

In the article, the authors examined the impact of the COVID-19 coronavirus pandemic on the global economy. In particular, attention was paid to the current state and prospects for the development of small businesses in the tourism sector. The viral pandemic has affected not only the health of citizens, but also all sectors of the economy, including tourism. The authors considered legislative documents and scientific works of scientists related to entrepreneurship, as well as entrepreneurship in the field of tourism. The history of the origin and current interpretation of the concepts of "entrepreneur" and "entrepreneurship" is revealed. Categories of business entities and conditions of functioning of small businesses were indicated. The analysis of the current state of international tourism and small businesses in the field of tourism in Kazakhstan was carried out. Indicators of the number of registered and active small and medium-sized businesses (SMEs) in the Republic of Kazakhstan and the number of legal entities registered in the tourism sector were determined. A comparative analysis of the number of visitors in Kazakhstan and neighboring countries and the contribution of tourism to GDP was carried out. An analysis of the impact of the COVID-19 coronavirus pandemic on tourism and the expected recovery period was also carried out. Thus, the importance of developing entrepreneurship in tourism and state support in this area was revealed.

